1-12-бағандарда 1-сатыдағы соттар қараған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қылмыстық істер бойынша, 13-18-бағандарда – медициналық сипаттағы шаралар қолданған адамдар туралы, 19-бағанда – шығарылған жеке қаулылар туралы мәліметтер бейнеленеді.

### **«Сот актілерін орындаумен байланысты мәселелерді қарау» В кестесі**

27. Бұл кесте ҚПК 475, 476-баптарына сәйкес соттардың жүргізуіне жатқызылған сот актілерін орындаумен байланысты мәселелерді, сондай-ақ маскүнемдіктен және нашақорлықтан мәжбүрлі емдеу туралы материалдарды қарау жөніндегі соттардың жұмысын бейнелейді.

28. 1-бағанда есептілік мерзімінің басына материалдардың қалдығы туралы мәліметтер бейнеленеді.

2-бағанда қарау үшін келіп түскен материалдар саны, 3-бағанда – қайтарылып алынған немесе қайтарылған, 4-бағанда – соттылығы бойынша берілген материалдардың саны бейнеленеді.

Жазалауды орындайтын мекеменің немесе органның ұсынуы бойынша қаралған материалдар туралы мәліметтер 5-10-бағандарда бейнеленеді.

5-баған «ұсыныс қанағаттандырылды» 7-бағанының, «ұсыныс ішінара қанағаттандырылды» 8-бағанының, «ұсынысты қанағатандырудан бас тартылды» 9-бағанының, «қараусыз қалдырылды» 10-бағанының қосындыларынан тұрады.

Тоқтатылған материалдар туралы мәліметтер 11-бағанда, ұзартылғандар туралы 12-бағанда, басқа шешімдер қабылданғандар туралы 13-бағанда бейнеленеді.

Қаралмаған материалдар қалдығы (14-баған) 1 және 2-бағандардың

қосындысынан 3, 4, 5, 11, 12 және 13-бағандардың қосындысы алынып е с е п т е л е д і .

Шығарылған жеке қаулылар туралы мәліметтер 15-бағанда бейнеленеді.

**«Тергеу судьяларының прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарауы туралы» Г кестесі**

29. Бұл кесте тергеу судьяларының прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарауы туралы мәліметтерді бейнелейді.

30. «Прокурор шешіміне» 1-жолда соттың қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды қабылдаудан бас тартуға берілген шағымды соттың қарауы туралы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басында заңды бұзушылықтар туралы, тергеп-тексеру мерзімдерін бұзу, қылмыстық істі тоқтату, сот-медициналық сараптаманы жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлі орналастыру, алуды және (немесе) тінтуді жүргізу, өзге әрекеттерді жасау (әрекетсіздік) және шешімдерді қабылдау туралы деректер бейнеленеді (2-9-жолдар).

10 «Тергеушінің әрекеттеріне» 10 және «Анықтау органдарының және анықтаушының әрекеттеріне» 19-жолдарда 11-18 және 20-27-жолдарда кейінгі бейнеленумен соттың тергеу және анықтау органдарының заңсыз әрекеттеріне шағымдарды қарауы туралы деректер ескеріледі: қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды қабылдаудан бас тартуға, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басында заңды бұзушылықтар туралы, тергеп-тексеру мерзімдерінің үзілуі, қылмыстық істі тоқтату, сот-медициналық сараптаманы жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлі орналастыру, алуды және (немесе) тінтуді жүргізу, өзге әрекеттерді жасау (әрекетсіздік) және шешімдерді қабылдау туралы.

«Бір уақытта прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешіміне» 28-жолда бір уақытта прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) дауланатын шағымдарды қарауы туралы деректер бейнеленеді.

Осы жолда сот бір уақытта прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау заңсыз немесе негізді деп мойындалған шағымдар ғана ескеріледі.

Сот әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдануға әр түрлі шешімдер қабылдаған жағдайда (мысалы, қылмыстық қудалау органдарының заңсыз әрекеттері туралы дәлелдер расталды, ал прокурордікі – жоқ) онда мұндай шағымдар түсінікте жазбаны қоса тіркеп, қабылданған шешімдер бойынша сәйкесінше жолдарда (1 немесе 19) және бағандарда ескерілуі тиіс.

31. 1-баған есептілік мерзімінің басына қаралмаған шағымдардың қалдығын, 2-баған – есептілік мерзімінің ішінде келіп түскен шағымдар санын, 3-баған – қайтарылып алынған және қайтарылған шағымдар санын, 4-баған – қаралған шағымдардың жалпы санын есепке алуды көздейді.

4-бағаннан 5-8-бағандарда мерзімдері бұзылып қаралған шағымдар, қанағаттандырылған, соның ішінде ішінара қанағаттандырылған, сондай-ақ қанағаттандырусыз қалдырылған шағымдар саны ескеріледі.

6-бағаннан 9-12-бағандарда шағымдарды қанағаттандыру негіздері бейнеленеді: заңсыз деп танылған процестік шешімдердің күші жойылды, сәйкес лауазымды адамның әрекеттерін және оның бұзушылықтарды жою міндеттерін заңсыз және негізсіз деп тану, прокурорға азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген бұзушылықтарын жою міндетін жүктеу туралы, басқа да шешімдер.

13-бағанда өндірісті тоқтату туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қарастырылмаған шағымдардың қалдығы (14-баған) 1 және 2-бағандардың қосындысынан 3, 4 және 13-бағандардың қосындысы алынып есептеледі.

15-бағанда өндіріспен тоқтатылған шағымдар саны бейнеленеді.

### **«Тергеу судьялары қарайтын мәселелер туралы» Д кестесі**

32. Бұл кесте тергеу судьялары ҚПК 55-бабы тәртібінде қарайтын мәселелерді бейнелейді және мына тараулардан тұрады:

күзетпен ұстау, ұйқамақ, уақытша лауазымынан шеттету, жақындауға тыйым салу, экстрадициялық тұтқындау түріндегі бұлтартпау шарасын, кепілдік, мүлікке тыйым салу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы;

күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық тұтқындау мерзімін ұзарту туралы; қабылданған шешімдер туралы: сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптаманы жүргізу үшін күзетпен ұсталмайтын адамды медициналық ұйымға мәжбүрлі орналастыру туралы; ертеректе күзетпен ұстау қолданылған адамды психиатриялық көмек көрсететін, ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға бейімделген арнайы медициналық ұйымға ауыстыру туралы; мәйіт эксгумациясы туралы; күдіктінің, айыпталушының халықаралық іздестіруін жариялау туралы; тез бұзылатын немесе қылмыстық істі шешкенге дейін ұзақ мерзімді сақтау шын мәнінде елеулі материалдық шығынды талап ететін заттай дәлелдерді өткізу туралы; сотқа дейінгі өндіріс барысында жәбірленуші мен куәнің түсініктерін депозиттеу туралы; адвокаттар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі өндірісте процестік міндеттемелерін орындамайтын немесе тиісті түрде орындамайтын адамдарға ақшалай жаза тағу туралы; прокурордың ұсынуы бойынша қылмыстық іс бойынша процестік

шығындарын өндіру туралы; кез келген мәліметтерді, құжаттарды, заттарды талап ету және қылмыстық іске қоса тіркеу туралы; сараптама тағайындау туралы, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартса немесе ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса; ертеректе жауап алынған куәні қылмыстық процесті жүргізетін органға мәжбүрлі әкелу туралы; өзге шешімдер.

«Қайталама» 43-бағанында қылмыстық қудалау органының судья көрсетілген бұлтартпау шарасын санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарған немесе тергеу судьясының өзге шешімінен кейін бір қылмыстық іс бойынша бір адамға қатысты бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатпен (ұсыныспен) сотқа қайта жүгінулері бейнеленеді.

33. Есепті құрастырған кезде деректердің тепе-теңдігі туралы келесі қағидаларды сақтау қажет:

- 1-3-бағандардың қосындысы 4-13, 14-17-бағандардың қосындысына тең;
- 21-бағанның қосындысы 22-31, 32-35, 36-42-бағандардың қосындысына тең;
- 44-бағанның қосындысы 45-51, 56-59-бағандардың қосындысына тең;
- 60-бағанның қосындысы 67-70-бағандардың қосындысына тең.

### **«Рақымшылық бойынша» № 1-қосымша**

34. Бұл кестеде қылмыстық істері рақымшылық бойынша тоқтатылған адамдардың саны туралы мәліметтер бейнеленеді. Кесте 20 бағаннан тұрады. Жолдардың саны рақымшылықты қолдануды көздейтін заңшығарушылық актінің мазмұнына сәйкес өзгеруі мүмкін.

### **«Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар саны туралы» № 2-қосымша**

35. Осы қосымша №1 нысанды есептің А кестесімен бір уақытта толтырылады және ҚК баптары бойынша сотталған (1-баған), олар туралы санкциялар өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау шарасын көздейтін адамдар саны туралы мәліметтерді бейнелейді.

2-бағанда жалпы саннан ерекше жазалау шарасына сотталған адамдар саны ерекшеленеді. 3, 4 және 5-бағандарға үкімдеріне шағым берілген, наразылық берілген немесе бір уақытта шағым және наразылық берілген адамдар бөлінеді.

36. 6-бағанда осы есептілік мерзімінде үкімдері орындалған адамдардың саны көрсетіледі.

7-бағанда жалпы саннан өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған



адамдар ерекшеленеді. 8, 9 және 10 бағандарда үкімдеріне шағым берілген, наразылық берілген немесе бір уақытта шағым және наразылық берілген адамдар бөлінеді.

### **«Қылмыстық істерді қарау бойынша апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп» № 6 нысан есебі**

37. Есептің осы нысаны қылмыстық істерді қарау бойынша апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы мәліметтерді бейнелейді.

### **«Істердің апелляциялық саты бойынша қозғалысы» А кестесі**

38. Бұл кестеде қылмыстық істер бойынша есеп жүргізіледі.

1-бағанда есептілік мерзімінің соңына аяқталмаған істердің қалдығы, 2-бағанда – есептілік мерзімінде келіп түскен қылмыстық істердің саны бейнеленеді. 3-бағанда қайта келіп түскен қылмыстық істердің саны бейнеленеді.

2-бағаннан 4, 5, 6, 7, 8 және 9-бағандарда наразылық, шағым немесе бір уақытта шағым және наразылық бойынша, үкім (қаулы) күші жойылғаннан кейін прокурордың өтінішхаты бойынша және басқа өтінішхаттар мен арыздар бойынша (мысалы, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша) келіп түскен істер саны бейнеленеді. 10, 11 және 12-бағандарда наразылық, шағым немесе бір уақытта шағым және наразылық қайтарылып алынған істер саны бейнеленеді.

39. Қаралған шағымдар немесе наразылықтар 13-23-бағандарда бейнеленеді.

24-бағанда прокурордың өтінішхаты бойынша қаралған істер саны ескеріледі.

25-бағанда үкім (қаулы) күші жойылғаннан кейін апелляциялық сатыдағы сот қараған істер саны бейнеленеді.

26-бағанда есептілік мерзімінде аяқталған істер сомасы бейнеленеді. 26-бағанның сомасы 17, 19, 21, 24, 25-бағандардың қосындысына тең.

27-бағанда ҚР ҚПК-мен белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған істер туралы мәліметтер бейнеленеді (ҚПК 425-бабы).

28-бағанда есептілік мерзімінің соңына аяқталмаған істердің қалдығы бейнеленеді. 29-бағанда тоқтатылған қылмыстық істердің саны, 30-бағанда – шығарылған жеке қаулылардың саны бейнеленеді.

28-баған 1 және 2-бағандардың қосындысынан 10-16, 26-бағандар алынған сомаға тең.

### **«Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі өтінішхаттарды қарау» А кестесіне қосымша**

40. Бұл кесте есептің №1 нысанды «Қылмыстық істерді қарау бойынша бірінші сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп» А кестесінің қосымшасына ұқсас қалыптастырылады.

**«Бірінші сатыдағы соттардың үкімдеріне шағымдар мен наразылықтарды қарау нәтижелері (адамдар саны бойынша)» Б кестесі**

41. Бұл кестеде есеп адамдар бойынша жүргізіледі.

Кестені қалыптастыру кезінде құқық бұзушылықтардың жиынтығында адамның қатаң жазаны көздейтін қылмыстық заң бабы бойынша, санкциялар тепе-тең болғанда – кеңірек тараған құқық бұзушылық бойынша ескерілетіндігін е с к е р г е н ж ө н .

Апелляциялық саты сотталушының жазалау шарасын ҚК 58 немесе 60-баптарынқолданып аса ауыр жазалау шарасы бойынша өзгерткен жағдайда осы үкім үкімді өзгерту болып есептеледі.

42. 1-бағанда үкімдерін алқалар қараған адамдар саны, оның ішінен 2-бағанда үкімдеріне шағым және наразылық берілген адамдар саны бейнеленеді, 3-бағанда үкімдері өзгеріссіз қалдырылған адамдар саны көрсетіледі.

43. 4-бағанда үкімдерінің күші жойылған адамдар саны ескеріледі. 5-бағанның сомасын қылмыстық істері кейіннен құқық бұзушылық оқиғасының, құрамының болмауы немесе дәлелденбеуінен (6-баған), заңнаманың өзгеруіне байланысты (7-баған), рақымшылық актісі нәтижесінде (8-баған), ҚПК 439-бабы, ҚПК 35-бабы 1-бөлігі 4) және 10)-тармағы, ҚПК 429-бабы 5-бөлігі тәртібінде судьяға тәуелсіз емес басқа негіздер бойынша (9-баған), басқа негіздер бойынша (10-баған) күші ж о й ы л ғ а н ү к і м д е р құ р а й д ы .

4-бағаннан 11-15, 17-бағандарда үкімнің күші жойылған кезде шығарылған шешімдер туралы мәліметтер ескеріледі: айыптау үкімі мен айыптау үкімінің қаулысын жою туралы; айыптау үкімін және жаңа айыптау үкімінің қаулысын жою туралы; ақтау және айыптау үкімінің қаулыларын жою туралы; ақтау және жаңа ақтау үкімінің қаулыларын жою туралы; үкімді жою және қылмыстық істі жаңа сот қарауына жолдау туралы; үкімді жою туралы және ҚПК 323-бабына сәйкес істі прокурорға жолдау туралы.

19-23-бағандарда үкімдерді жою негіздері бейнеленеді: 19 – сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық болмауы себепті, 20 – сот қорытындысының істің нақты жағдайларына сәйкес келмеуі себепті, 21 – қылмыстық-процестік заңды елеулі бұзушылыққа байланысты, 22 – қылмыстық заңды дұрыс қолданылмауына байланысты, 23 – жазалаудың қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына немесе сотталған адамға сәйкес келмеуі себепті.

4-бағаннан 24-бағанда прокурор наразылығы бойынша күші жойылған үкімдер 25, 26-бағандарда наразылық дәлелдерін толық немесе ішінара қанағаттандырып бейнелеумен көрсетіледі.

4-баған 5, 11-15, 17-бағандардың қосындысына тең.

44. Үкімдері апелляциялық тәртіпте өзгертілген адамдардың жалпы саны 27-бағанда олардың одан әрі 28-32-бағандарда өзгерту негіздері бойынша (ҚПК 433-бабы), 33-42-бағандарда өзгерту түрлері бойынша (ҚПК 442-бабы), 43-бағанда заңнаманың өзгеруіне байланысты, 44-бағанда рақымшылық актісіне байланысты саралануымен ескеріледі.

Егер бірінші сатыдағы сот үкімі наразылықта көрсетілген дәлелдерді толық қанағаттандырумен прокурордың наразылығы бойынша өзгертілсе (45-баған), онда бұл туралы мәліметтер 46-бағанда, ал наразылық дәлелдерін ішінара қанағаттандырумен – 47-бағанда бейнеленеді.

45. Басқа шығарылған қаулылардың саны 48-бағанда бейнеленеді.

49-52-бағандарда жоғары тұрған саты қайта қарағаннан кейін істі қарау нәтижелері бейнеленеді.

### **«Бірінші сатыдағы соттардың қаулыларына шағымдарды және наразылықтарды қарау нәтижелері (адамдар саны бойынша)» В кестесі**

46. Бұл кестеде адамдар бойынша есеп жүргізіледі.

47. 1-бағанда қаулыларын қылмыстық істер жөніндегі алқалар қараған істер саны бейнеленеді, оның ішінен 2-бағанда қаулылары шағымдалған немесе наразылық берілген адамдар ескеріледі.

48. 3 және 4-бағандарда қаулылары өзгеріссіз қалған, соның ішінде бірінші сатыдағы соттың істі тоқтату туралы қаулысы өзгермеген адамдар туралы мәліметтер бейнеленеді.

49. Қаулылары өзгертілген адамдар саны 5-бағанда ескеріледі, олардың ішінен 6-8-бағандарда толық және ішінара қанағаттандырумен прокурор наразылықтары бойынша мәліметтер ескеріледі.

9, 10 және 11-бағандарда жаңа қаулыны қабылдап, ҚПК 323-бабына сәйкес істі прокурорға жолдаумен күші жойылған қаулылар саны және жаңа сот қарауы (ҚПК 431-бабы) бейнеленеді.

Істі тоқтатумен күші жойылған қаулылар саны 12-бағанда бейнеленеді. Олардың ішінен 13-17-бағандарда тоқтату негіздері бейнеленеді: 13 – қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты, 14 – дәлелденбеуінен, 15 – заңнаманың өзгеруіне байланысты немесе рақымшылық бойынша, 16 – айыптаудан бас тарту себепті, 17 – басқа

н е г і з д е р

б о й ы н ш а .

Бірінші сатыдағы соттардың істі тоқтату туралы күші жойылған қаулылары  
18-бағанда бейнеленеді.

5-бағаннан 19-23-бағандарда келесі негіздер бойынша күші жойылған қаулылар туралы мәліметтер бейнеленеді: 19-баған – сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық еместігі себепті, 20 – сот қорытындыларының істің нақты жағдайларына сәйкес келмеуі себепті, 21 – қылмыстық-процестік заңын елеулі бұзушылыққа байланысты, 22 – қылмыстық заңды дұрыс қолданбауға байланысты, 23 – жазалаудың қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына және сотталған адамға сәйкес келмеуі себепті.

50. Өзгертілген қаулылар бойынша мәліметтер 24-30-бағандарда бейнеленеді.

51. Сот өндірісінің тәртібінде және оны орындау шеңберінде шығарылған, бірінші сатыдағы соттардың күші жойылған, өзгертілген және өзгеріссіз қалдырылған қаулылары бойынша деректер 31-33-бағандарда бейнеленеді, аталған қаулылар алқа қараған қаулылардың жалпы санында ескерілмейді (1-баған). Жоғары тұрған саты қарағаннан кейін шығарылған қаулылар 34-бағанда бейнеленеді.

52. 1-баған 3, 5 және 24-бағандардың қосындысына тең.

**«Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау бойынша бірінші сатыдағы соттардың қаулыларына шағымдарды және наразылықтарды қарау нәтижелері»**

**Г кестесі**

53. Бұл кестеде шағымдар мен наразылықтар бойынша прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау бойынша бірінші сатыдағы соттың қаулыларын қайта қарау туралы мәліметтер бейнеленеді.

54. 1-баған есептілік мерзімінің басына қаралмаған материалдардың қалдығын есепке алуды көздейді, 2-бағанда – есептілік мерзімінде келіп түскен материалдардың саны, 3-бағанда – қайта шақырылған немесе қайтарылған материалдардың саны, 4-бағанда – қаралған материалдардың жалпы саны көрсетіледі.

4-бағаннан 5-8-бағандарда бірінші сатыдағы соттардың күші жойылған, өзгертілген, өзгеріссіз қалдырылған қаулыларының саны, сондай-ақ апелляциялық сатыда қабылданған басқа да шешімдер көрсетіледі.

Қаралмаған материалдардың қалдығы (9-баған) 1 және 2-бағандардың қосындысынан 3, 4 бағандардың қосындысы алынып есептеледі.

«Бір уақытта прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне» 28-жолда бір уақытта қылмыстық қудалау органдарының да және прокурордың да әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері дауланатын шағымдарды қарау туралы деректер бейнеленеді.

Осы жолда сот бір уақытта дауланатын қылмыстық қудалау органдарының да және прокурордың да әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері бір уақытта заңсыз немесе негізсіз деп таныған шағымдар ғана ескеріледі.

Сот әр түрлі органдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға әр түрлі шешімдер қабылдаған жағдайда (мысалы, тергеушінің заңсыз әрекеттері туралы дәлелдер расталды, ал прокурордікі – жоқ) онда мұндай шағымдар түсінікте жазбаны қоса тіркеп, қабылданған шешімдер бойынша сәйкесінше жолдарда (1 немесе 10) және бағандарда ескерілуі тиіс.

Осы жолда сот бір уақытта дауланатын қылмыстық қудалау органдарының да және прокурордың да әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері бір уақытта заңсыз немесе негізсіз деп таныған шағымдар ғана ескеріледі.

### **«Тергеу судьялары қабылдаған шешімдерге шағымдарды және наразылықтарды қарау туралы» Д кестесі**

55. Бұл кестеде прокурордың тергеу судьялары қабылдаған шешімдерге шағымдарды және наразылықтарды қарауы туралы мәліметтер бейнеленеді.

56. Есептілік мерзімінің басына шағымдардың және наразылықтардың қалдығы 1-бағанда бейнеленеді, 2-бағанда – есептілік мерзімінде келіп түскен шағымдардың және наразылықтардың саны бейнеленеді.

Қаралған шағымдар және наразылықтар бойынша мәліметтер шағымдар және наразылықтармен бір уақытта 3-5-бағандарда бейнеленеді.

Қаралған материалдардың жалпы саны 6-бағанда бейнеленеді. 6-бағаннан 7-9-бағандарда аталған шағымдар мен наразылықтар бойынша қабылданған шешімдер туралы мәліметтер көрсетіледі (ҚПК 107-бабы).

10 және 11-бағандарда өндірістегі шағымдардың және наразылықтардың санынан қайтарылғандар немесе қайтарылып алынғандар туралы мәліметтер бейнеленеді.

6-бағаннан 12-29-бағандарда шағымдар мен наразылықтар қаралған адамдар туралы мәліметтер, 20-23-бағандарда – қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлық санаттары бойынша бейнеленеді.

Қаралмаған шағымдар мен наразылықтардың қалдығы 24-бағанда

бейнеленеді, шығарылған жеке қаулылардың саны 25-бағанда ескеріледі.

57. 24-баған 1, 2-бағандардың қосындысынан 6, 10, 11-бағандардың алынған сомаға тең.

**«Сот актілерін орындау мәселелері жөніндегі қаулыларды қайта қарау нәтижелері бойынша мәліметтер» № 6 нысан есебіне 1-қосымша**

58. Қаулыларды қайта қарау нәтижелері бойынша мәліметтерде шартты-мерзімінен бұрын босату туралы, тұрғын колониясына ауыстыру туралы келіп түскен материалдар және басқа материалдар саны бейнеленеді.

**«Соттылықты анықтау жөніндегі істерді қарау туралы мәліметтер» № 6 нысан есебіне 2-қосымша**

59. 2 жолдан және 2 бағаннан тұрады. 1-бағанда келіп түскен істердің саны туралы, 2-бағанда – қаралған істер саны туралы мәліметтер бейнеленеді.

**«Өлім жазасына және өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар туралы қылмыстық істерді қарау бойынша апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп» № 62 нысан есебі (адамдар саны бойынша)**

**«Өлім жазасына сотталған адамдар туралы істерді апелляциялық тәртіпте қарау туралы» А кестесі**

60. А кестесі мына ережелерді сақтап толтырылады:

- 1) 1-бағанда ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша істері қалдықта тұрған адамдар саны көрсетіледі;
- 2) 2-баған істері есептілік мерзімінде келіп түскен адамдар санын бейнелейді;
- 3) 3-10-бағандарда аталған бағандарда үкімдерді өзгеріссіз қалдырып, үкімдердің күшін жойып және өзгертіп сәйкесінше бейнелеумен өлім жазасы туралы қаралған істер бейнеленеді;
- 4) 11-бағанда істері есептілік мерзімінің соңына қалдықта болған адамдар саны бейнеленеді.

**«Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар туралы істерді апелляциялық тәртіпте қарау туралы» Б кестесі**

61. Бұл кесте А кестесінің ережелері бойынша құрастырылады.

## **«Қылмыстық істерді қарау жөніндегі кассациялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп» № 6К нысан есебі**

### **«Істердің кассациялық саты бойынша қозғаласы» А кестесі**

62. Бұл кесте кассациялық сатының бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар шешім шығарған қылмыстық істерді қарауы туралы мәліметтерден тұрады.

63. 1-бағанда есептілік мерзімінің басына аяқталмаған істер қалдығы бойынша мәліметтер бейнеленеді. 2-бағанда есептілік мерзімінде келіп түскен, олардың ішінен 3-бағанда қайталама кассациялық қарау бойынша келіп түскен қылмыстық істердің жалпы саны ескеріледі.

2-бағаннан 4-7-бағандарда келіп түскен наразылықтар мен шағымдар және бір уақытта апелляциялық алқа төрағасының шағымдары мен наразылықтары, ұсыныстары бойынша мәліметтер бейнеленеді (ҚПК 446-бабы 3-бөлігі тәртібінде)

8 және 9-бағандарда – кері қайтарып алынған наразылықтар мен шағымдар саны. 10-бағанда қараусыз қайтарылған шағымдар саны ескеріледі.

11-бағанда соттылығы бойынша берілген істер саны ескеріледі.

Наразылықтар бойынша барлық қаралған істер саны 12-бағанда, олардың ішіне қанағаттандырылғаны – 13-бағанда бейнеленеді. Қаралған шағымдардың саны 14-бағанда, олардың ішіне қанағаттандырылғаны – 15-бағанда бейнеленеді. Шағымдар мен наразылықтар бойынша қаралған істер саны 16-бағанда, олардың ішінде қанағаттандырылған шағымдармен – 17-бағанда, наразылықтармен – 18-бағанда бейнеленеді. Аяқталған істердің жалпы саны 19-бағанда ескеріледі.

20-бағанда істері кассациялық сатыда қаралған адамдар саны ескеріледі.

64. ҚПК-нде белгіленгеннен астам мерзімде қаралған істер 21-бағанда ескеріледі. Есептілік мерзімінің соңына шағымдар мен наразылықтар бойынша қаралмаған істер қалдығы 22-бағанда бейнеленеді.

Шығарылған жеке қаулылардың саны 23-бағанда бейнеленеді.

### **«Бірінші сатыдағы үкімдерге, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы қаулыларға және үкімдерге шағымдар мен наразылықтардың қозғалысы» Б кестесі**

65. Бұл кесте бірінші саты үкімдеріне, апелляциялық саты үкімдері мен қаулыларына шағым және наразылық берілген адамдар саны бойынша құрастырылады.

66. 1-бағанда үкімдерін алқалар қараған адамдар саны бейнеленеді. Осы

бағаннан 2-бағанда 1-саты үкімдеріне, 1-саты соттарының үкімдеріне апелляциялық сатының сот актілеріне шағым және наразылық берілген адамдар саны бейнеленеді.

3-бағанда бірінші саты үкімдері өзгеріссіз қалған адамдар саны, 4-бағанда – апелляциялық сатының сот актілері, соның ішінде апелляциялық саты үкімдері өзгеріссіз қалған адамдар саны бейнеленеді (5-баған).

67. 6-бағанда бірінші сатының күші жойылған үкімдерінің саны бейнеленеді. Осы бағаннан 7-бағанда күші жойылған, 8-10-бағандарда – наразылық дәлелдерін толық немесе ішінара қанағаттандырып, прокурор наразылығы бойынша ақтау үкімдері туралы мәліметтер бейнеленеді. 11-13-бағандарда үкімнің күшін жою негіздері бейнеленеді (ҚПК 456-бабы). 14-бағанда істі тоқтатумен күші жойылған үкімдер саны одан әрі 15-17-бағандарда тоқтату негіздерін көрсетіп, 18-бағанда – істі жаңа қарауға жолдаумен күші жойылған үкімдер саны бейнеленеді.

19-23-бағандарда апелляциялық сатының күші жойылған сот актілері және бірінші сатыдағы соттар қараған істер бойынша қабылданған шешімдер бейнеленеді (ҚПК 455-бабы).

68. 24-бағанда өзгертілген, 25-бағанда – прокурордық наразылығы бойынша өзгертілген үкімдердің жалпы саны ескеріледі.

24-бағаннан 26-35-бағандарда үкімді өзгерту негіздері бейнеленеді: 26-бағанда – біліктілігін өзгертумен және жазаны төмендетумен, 27 – жазаны саралауды өзгертпей төмендетумен, 28 – саралауды жазаны төмендетпей өзгертумен, 29 – саралауды ауырырақ құқық бұзушылыққа өзгертумен (жазаны өзгертпей) (ҚПК 463-бабы 1-бөлігі), 30-35 – жазаны күшейтумен (ҚПК 463-б. 3-б.). Бағандарда: 36 – қылмыстық заңды дұрыс қолданбауға байланысты, 37 – қылмыстық-процестік кодексті елеулі бұзушылықпен байланысты, 38 – үкімнің әділетсіздігіне байланысты, 39 – заңнаманың өзгеруіне байланысты, 40 – апелляциялық саты қаулысының өзгеруімен.

69. Апелляциялық сатының өзгертілген сот үкімдері туралы мәліметтер 41, 42-бағандарда бейнеленеді.

Бірінші сатының қалпына келтірілген үкімдері туралы мәліметтер 43-45-бағандарда бейнеленеді.

### **«Бірінші және апелляциялық сатылардың қаулыларына шағымдар мен наразылықтар қозғалысы» В кестесі**

70. Бұл кесте апелляциялық саты қаулыларына шағым және наразылық берілген адамдар саны бойынша құрастырылады.

1-бағанда қаулыларын алқалар қараған адамдар саны бейнеленеді. Осы



бағаннан 2-бағанда бірінші сатыдағы соттардың қаулыларына апелляциялық саты қаулыларына шағым және наразылық берілген адамдар саны бейнеленеді.

3-бағанда бірінші саты қаулылары өзгеріссіз қалдырылған адамдар саны, 4-бағанда апелляциялық сатының сот актілері өзгеріссіз қалдырылған адамдар саны бейнеленеді.

5-бағанда бірінші сатының күші жойылған қаулыларының саны бейнеленеді. Осы бағаннан 6-8-бағандарда прокурордың наразылығы бойынша, соның ішінде наразылық дәлелдерін толық және ішінара қанағаттандырумен күші жойылған қаулылар туралы мәліметтер бейнеленеді. 9-11-бағандарда қаулының күшін жою негіздері бейнеленеді: заңды дұрыс қолданбауға байланысты (9-баған), қылмыстық-процестік заңды елеулі бұзушылыққа байланысты (10-баған), заңнаманың өзгеруіне байланысты (11-баған) (ҚПК 456-бабы).

12-бағанда істі тоқтатумен күші жойылған қаулылар саны, 13-бағанда – істі жаңа қарауға жолдаумен күші жойылған қаулылар саны бейнеленеді.

71. 14-бағанда апелляциялық саты актілерінің күшін жоюмен бірінші сатының күші жойылған қаулылары бейнеленеді.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысын өзгеріссіз қалдырумен апелляциялық сатының сот актілерінің күшін жою 15-бағанда, істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңа қарауға жолдаумен – 16-бағанда бейнеленеді.

Апелляциялық сатының күші жойылған сот актілерінің саны 17-бағанда бейнеленеді.

72. Бірінші сатының өзгертілген қаулыларының саны туралы мәліметтер 18-бағанда, олардың ішінінен прокурордың наразылығы бойынша – 19-бағанда бейнеленеді.

18-бағаннан 20-23-бағандарда қаулыны өзгерту негіздері бейнеленеді: сәйкесінше, заңды дұрыс қолданбауға байланысты, қылмыстық-процестік заңды елеулі бұзушылыққа байланысты, заңнаманың өзгеруіне байланысты, апелляциялық сатының қаулысын өзгертуге байланысты (ҚПК 456-бабы).

Апелляциялық сатының өзгертілген сот актілерінің саны 24-бағанда бейнеленеді.

### **«Сот актілерін орындау мәселесі бойынша қаулыларды қайта қарау нәтижелері бойынша мәліметтер» 1-кестесі**

73. Бұл кестеде шартты-мерзімінен бұрын босату туралы, тұрғын колониясына ауыстыру туралы және кассациялық сатының сот актілерін орындаудың басқа мәселелері бойынша қаулыларды қайта қарау нәтижелері ескеріледі.

Бағандарда есептілік мерзімінің басына аяқталмаған материалдардың есебі,

келіп түскен материалдардың, кассациялық шағымдардың, наразылықтардың саны жүргізіледі.

**«Өлім жазасына және өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар туралы істі қарау жөніндегі кассациялық саты соттарының жұмысы туралы есеп» бҚа нысанының есебі**

**«Өлім жазасына сотталған адамдар туралы істерді кассациялық тәртіпте қарау туралы» А кестесі**

74. А кестесі келесі ережелерді сақтап толтырылады:

1) 1-бағанда ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша істері қалдықта тұрған адамдар саны көрсетіледі;

2) 2-бағанда істері есептілік мерзімінде келіп түскен адамдар саны бейнеленеді;

3) 3-18-бағандарда өлім жазасы туралы қаралған істер аталған бағандарда қаулыларды өзгеріссіз қалдыру, күші жойылған және өзгертілген қаулылар туралы мәліметтерді сәйкесінше бейнелеумен көрсетіледі;

4) 19-бағанда істері есептілік мерзімінің соңына қалдықта тұрған істер саны бейнеленеді.

**«Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар туралы істерді кассациялық тәртіпте қарау туралы» Б кестесі**

75. Бұл кесте А кестесінің ережелері бойынша құрастырылады.

**«Қадағалау сатысында қылмыстық істерді қарау жөніндегі соттардың жұмысы туралы есеп» № 8 нысан есебі**

**«Өтінішхаттардың қозғалысы» А кестесі**

76. Бұл кестеде қылмыстық істер бойынша есеп жүргізіледі.

1-бағанда есептілік мерзімінің басына қаралмаған өтінішхаттардың қалдығы, 2-бағанда – есептілік мерзімінде келіп түскен өтінішхаттардың қалдығы, олардың ішінен 3 және 4-бағандарда – сәйкесінше апелляциялық және кассациялық сатылар қараған істер бойынша, 5-бағанда – апелляциялық және кассациялық сатыдан өтпеген істер ескеріледі.

6-бағанда соттылығы бойынша берілген өтінішхаттар, 7-бағанда –кері қайтарылып алынған өтінішхаттар, 8-бағанда – ҚПК 489-бабына сәйкес алдын

ала қарауға дейін қайтарылған өтінішхаттар саны бейнеленеді.

ҚПК 490-бабы 1-бөлігі тәртібінде қылмыстық істерді талап етумен қаралған өтінішхаттар саны 9-бағанда бейнеленеді.

Өтініштерді алдын ала қарау бойынша шешімдер мына бағандарда бейнеленеді: 10 – қадағалау өндірісін қозғау туралы, 11 – қадағалау өндірісін қозғаудан бас тарту туралы, 12 – ҚР ҚПК 491-бабының 1-бөлігінің 3-тармағы тәртібінде алдын ала қараудан қайтару туралы. Мерзімі бұзылып қаралған өтінішхаттардың саны 13-бағанда бейнеленеді.

Қаралған өтінішхаттардың жалпы саны 14-бағанда, есептілік мерзімінің соңына қаралмаған өтінішхаттардың қалдығы 15-бағанда, шығарылған қаулылардың саны 16-бағанда бейнеленеді.

77. Бірнеше өтінішхаттарды бір өндіріске біріктірген кезде рұқсат мерзімі соңғы өтінішхаттың келіп түсу күні бойынша есептеледі.

Өтінішхаттарды бірнеше өндіріске бөлген кезде жеке нөмір беріледі де, рұқсат мерзімі жаңа нөмір бойынша тіркеу сәтінен бастап есептеледі.

Мемлекеттік тілде қаралған өтінішхаттардың саны жеке жолмен (2) беріледі.

### **«Шағымдалатын сот актісін қадағалау тәртібінде қайта қарау туралы қаулылары бар істердің қозғалысы» Б кестесі**

78. Б кестесі шағымдалатын сот актісін қадағалау тәртібінде қайта қарау туралы қаулылары бар істердің қозғалысын бейнелейді, есептілік мерзімінің басына қаралмаған істердің қалдығы (1-баған), келіп түскен істердің саны (2-баған), өтінішхаттары кері қайтарылып алынған өтінішхаттар (3-баған) туралы деректемелерді бейнелейді.

4-7-бағандарда сот актілерін қанағаттандырумен, қанағаттандырусыз қайта қарау туралы қаулылары бар істерді қайта қарау туралы және ҚПК 494-бабы 7-бөлігінің 1-тармағы тәртібінде істерді қайта қараудан бас тарту туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қарау мерзімін бұзушылық туралы мәліметтер 8-бағанда бейнеленеді. 9-баған есептілік мерзімінің соңына қаралмаған істердің қалдығын, 10-баған – шығарылған жеке қаулылардың санын және 11-баған – мемлекеттік тілде қаралған істер туралы мәліметтерді ескереді.

### **«Заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға наразылықтары бар істердің қозғалысы» В кестесі**

79. Бұл кесте заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға қадағалау тәртібінде әкелінген наразылықтарымен келіп түскен істердің қозғалысы туралы мәліметтерден тұрады.

1-бағанда есептілік мерзімінің басына қаралмаған істердің қалдығы, 2 және 3-бағандарда – есептілік мерзімінде келіп түскен, соның ішінде қадағалау тәртібінде қайта қарау туралы қаулысы бар істер саны бейнеленеді. 4-9-бағандарда қайтарылған; наразылықтары кері қайтарылып алынған; қанағаттандырылған және қанағаттандырусыз қалдырылған; соның ішінде ҚПК белгіленген мерзімдерді бұза отырып.

10-бағанда есептілік мерзімінің соңына наразылықтары бар, қаралмаған істер қалдығы, 11-бағанда – шығарылған жеке қаулылар, 12-бағанда – мемлекеттік тілде қаралған істер бейнеленеді.

### **«Қадағалау сатысында қаралған, бірінші және апелляциялық саты соттарының үкімдеріне өтінішхаттар мен наразылықтардың қозғалысы (адамдар саны бойынша)» Г кестесі**

80. Г кестесі өтінішхаттары мен наразылықтарын қадағалау алқасы қараған, бірінші және апелляциялық саты соттарының істері жөнінені қадағалау сатысының қызметін бейнелейді, есеп адамдар бойынша жүргізіледі.

Кестені толтырған кезде қылмыстардың (құқық бұзушылықтардың) жиынтығында адам қатаңырақ жазалауды көздейтін қылмыстық заң бабы бойынша, санкциялар тепе-теңдігінде – кеңірек тараған қылмыс (құқық бұзушылық) бойынша ескерілетіндігін назарда ұстаған жөн.

ҚК 58 немесе 60-баптарын қолданып, сотталғанның жазалау шарасын аса ауыр жазалау шарасы бойынша өзгерткен жағдайда осы үкім үкімді өзгерту р е т і н д е е с к е р і л е д і .

81. 1-бағанда үкімдерін алқалар қараған адамдар саны, 1-бағаннан 2-бағанда үкімдеріне шағым, наразылық берілген адамдар саны бейнеленеді. 3-бағанда үкімдерінің өзгертусіз күші жойылған адамдар саны, 4-бағанда – барлығы күші жойылған үкімдер бейнеленеді. Істі қадағалау тәртібінде қарау кезінде үкімнің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз ҚПК 485-бабында көрсетілген жағдайлар б о л ы п т а б ы л а д ы .

82. 4-бағаннан сатылар бойынша: 5 және 6-бағандарда заңсыз ақтау үкімін шығару немесе істі тоқтатуға байланысты, 7 және 8-бағандарда – кінәсізді соттау себепті, 9 және 10-бағандарда – сотталушының әрекетін теріс саралауға байланысты, 11 және 12-бағандарда – жәбірленушіні сот қорғауы құқығынан айыру себепті, 13 және 14-бағандарда – жазаны дұрыс тағайындамау немесе сот тағайындаған жазаның қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына не болмаса сотталушы адамға сәйкес келмеуі себепті, 15 және 16-бағандарда – азаматтық талап арызды дұрыс шешпеуге байланысты, 17 және 18-бағандарда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны заңсыз немесе негізсіз шығару себепті,

19 және 20-бағандарда – медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулыны заңсыз немесе негізсіз шығаруға байланысты күші жойылған қаулылардың саны бейнеленеді.

Сатылар бойынша 21-22-бағандарда апелляция актілерінің күшін жоюмен, 23-24-бағандарда – кассация актілерінің күшін жойып күші жойылған қаулылар, 25-26-бағандарда – істі жаңа сот қарауына жіберумен барлық алдыңғы қаулыларымен қоса күші жойылған қаулылар туралы мәліметтер бейнеленеді.

83. Істі тоқтатумен бірінші және апелляциялық сатылардың күші жойылған үкімдері туралы мәліметтер 27-34-бағандарда, тоқтатылған істер бойынша күзетпен ұстаудан босатылған адамдар туралы – 35-36-бағандарда бейнеленеді.

84. Үкімді өзгертусіз және өзгертумен құрастыру арқылы апелляциялық сатының күші жойылған қаулылары бойынша мәліметтер 37-39-бағандарда, кассациялық сатынікі – 40-43-бағандарда, қадағалау сатысынікі – 44-45-бағандарда бейнеленеді.

85. Прокурордың наразылығы бойынша, соның ішінде толық және ішінара қанағаттандырумен күші жойылған бірінші және апелляциялық сатылардың үкімдерінің саны 46-51-бағандарда бейнеленеді.

86. Бірінші және апелляциялық сатылар бойынша өзгертілген қаулылардың саны 52-бағанда бейнеленеді.

52-бағаннан 53-70-бағандарда қаулыларды өзгерту негіздері бейнеленеді. Азаматтық талап арыз бөлігінде өзгертілген үкімдердің саны 71-72-бағандарда бейнеленеді.

Қылмыстық істерді тоқтатумен өзгертілген қаулылар туралы мәліметтер 73-74-бағандарда бейнеленеді.

Бірінші сатының үкімінсіз қаралған барлық сот актілері 75-76-бағандарда бейнеленеді.

Бір уақытта наразылықтар және өтінішхаттар бойынша өзгертілген, сатылар (бірінші және апелляциялық) бойынша үкімдер саны 77-78-бағандарда ескеріледі.

87. Прокурордың наразылығы бойынша өзгертілген үкімдер бойынша мәліметтер 79-84-бағандарда бейнеленеді.

Бірінші және апелляциялық сатылардың қалпына келтірілген бастапқы үкімдерінің саны 85-86-бағандарда ескеріледі.

**«Қадағалау сатысы қараған бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылар сотының қаулысына өтінішхаттардың, наразылықтардың және ұсыныстардың қозғалысы» Д кестесі**

88. Бұл кесте қадағалау сатысының бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардың қаулыларына өтінішхаттарын, наразылықтарын және ұсыныстарын

қарауы туралы мәліметтерді бейнелейді.

1-бағанда қаулыларын алқа қараған адамдардың жалпы саны 2-4-бағандарда сатылардың (бірінші, апелляциялық, кассациялық) қаулылары бойынша бөліп көрсетіледі. 5-7-бағандарда қаулылары өзгеріссіз қалған адамдар саны бейнеленеді.

89. Күші жойылған қаулылардың саны 8-бағанда, 9-10-бағандарда сәйкесінше бірінші, апелляциялық және кассациялық қаулылар бойынша бейнеленеді.

8-бағаннан 12-38-бағандарда қаулылардың күшін жою негіздері бейнеленеді.

36-бағанда істі тоқтатумен күші жойылған қаулылар саны одан әрі 37-39-бағандарда сот сатылары бойынша, 40-48-бағандарда – негіздері бойынша ажыратумен көрсетіледі.

Күзетпен ұстаудан босатылған адамдар саны сатылар бойынша шектеумен 49-51-бағандарда бейнеленеді.

Прокурордың наразылығы бойынша күші жойылған қаулылар туралы мәліметтер 52-56-бағандарда бейнеленеді.

90. 57-бағанда өзгертілген қаулылардың саны, 58-60-бағандарда – қандай сатының қаулысы өзгертілгені көрсетіледі.

61-83-бағандарда қаулыны өзгертудің барлық түрлері мен негіздері бейнеленеді.

84 және 85-бағандарда бір уақытта наразылықтар және өтінішхаттар бойынша өзгертілген апелляциялық сатының қаулылары бейнеленеді (сәйкесінше апелляциялық және кассациялық сатылардың қаулылары бойынша).

57-бағаннан 86-91-бағандарда прокурордың наразылықтары бойынша өзгертілген қаулылар бейнеленеді.

### **«Заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Төрағасының ұсыныстары бар істердің қозғалысы» Е кестесі**

91. Бұл кестеде заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Төрағасының ұсыныстары бар істердің қозғалысы туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда есептілік мерзімінің басына аяқталмаған істердің қалдығы, 2-бағанда – есептілік мерзімінде келіп түскен істер саны, 3-бағанда – ұсыныстар кері қайтарылып алынған істер саны бейнеленеді. 4-6-бағандарда қаралған ұсыныстар туралы мәліметтер, 7-бағанда – ұсыныстар ҚПК белгіленген мерзімдерді бұзумен қаралған істер саны бейнеленеді.

Есептілік мерзімінің соңына ұсыныстарымен қаралмаған істердің қалдығы 8-бағанда, шығарылған жеке қаулылардың саны 9-бағанда, мемлекеттік тілде қаралғаны – 10-бағанда бейнеленеді.

### **«Соттылықты анықтау жөніндегі істерді қарау туралы мәліметтер» № 1-қосымшасы**

92. Кестеде соттылықты анықтау туралы келіп түскен және қаралған істер саны туралы мәліметтер (ҚПК 318-бабы), соның ішінде мемлекеттік тілдегі істерді көрсетумен бейнеленеді.

### **«Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі өтінішхаттарды қарау» № 2-қосымшасы**

93. Қосымшада жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі өтінішхаттарды қарау туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда есептілік мерзімінің басына өтінішхаттардың қалдығы бейнеленеді. 2-бағанда есептілік мерзімінде келіп түскен өтінішхаттар бейнеленеді. 3-бағанда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өндіріске қабылданған өтінішхаттар саны, қайтарылған өтінішхаттар саны 4-бағанда бейнеленеді.

5, 6-бағандарда өтінішхаттарды қарау нәтижелері, 7-бағанда – есептілік мерзімінің соңына қалдығы көрсетіледі.«Өлім жазасына және өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар туралы қылмыстық істерді қадағалау сатысында қарау бойынша есеп (адамдар саны бойынша)» №8а нысанының есебі

### **«Өлім жазасына сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді кассациялық тәртіпте қарау туралы» А кестесі**

94. А кестесі келесі ережелерді сақтап толтырылады:

1) 1-бағанда істері есептілік мерзімінің басына қалдықта тұрған адамдар саны көрсетіледі ;

2) 2-баған істері есептілік мерзімінде келіп түскен адамдар санын бейнелейді. 2-бағаннан 3 және 4-бағандарда ҚПК 490-бабы 5-бөлігі тәртібінде келіп түскен істер бейнеленеді (3-бағанда – «ҚПК 485-бабымен көзделген негіздердің болуы мойындалған», 4-бағанда – «негіздер анықталмаған және қайта қараудан бастартылды» ) .

3) 5-18-бағандарда өлім жазасы туралы істерді қарау жөніндегі соттардың жұмысы аталған бағандарда өзгеріссіз; үкімнің және қаулының күшін жоюмен; үкімдерді және қаулыларды өзгертумен қалған үкімдерді сәйкесінше бейнелеумен көрсетіледі ;

4) 19-бағанда өлім жазасы кешірім жасау тәртібінде өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдар саны бейнеленеді;

5) 20-бағанда істері есептілік мерзімінің соңына қалдықта тұрған адамдар саны бейнеленеді.

**«Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді кассациялық тәртіпте қарау туралы (адамдар саны бойынша)» Б кестесі**

95. Бұл кесте А кестесінің ережелері бойынша құрастырылады.

**«Соттардың жекеше айыптау істері бойынша шағымдарды қарауы туралы есеп» № 2-Ж нысанының есебі**

96. Есеп 11 бағаннан және 15 жолдан тұрады, олар қылмыстық қудалау ҚПК 32-бабында көзделген жеке айыптау тәртібінде іске асырылатын ҚК баптарына сәйкес келеді.

1-бағанда жаңа есептілік жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қаралмай қалған шағымдарды бейнелейді.

2-бағанда есептілік мерзімінде келіп түскен шағымдардың жалпы саны бейнеленеді, олардың ішінен тергеу, анықтау органдарынан және прокурордан келіп түскендері 3-бағанда, аумақтығы бойынша басқа соттардан келіп түскендері 4-бағанда көрсетіледі.

5-бағанда ҚПК 408-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін, берілген шағымдардың жалпы саны бейнеленеді.

6, 7, 8, 9-бағандарда сәйкесінше ҚПК 409-бабы 2-бөлігі тәртібінде сот қабылдаған қаулылар бейнеленеді: шағымды өз өндірісіне қабылдау туралы, шағымды өндіріске қабылдаудан бас тарту туралы, шағымды тергеулігі немесе соттылығы бойынша беру туралы.

10-баған ҚПК 409-бабы 2-бөлігі белгіленген мерзімдерді бұзумен қаралған шағымдардың саны бейнеленеді.

11-баған есептілік мерзімінің соңына қаралмаған шағымдардың қалдығы бейнеленеді.